



«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



«БЕКІТЕМІН»

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Басқарма Төрағасы – ректор
Б.С.Каримова

Бұйрық № 110-а
«10» наурыз 2021 ж.

Республикалық ғылыми-әдістемелік
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Хабаршысы»
журналына мақала жариялау

ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2021

Құжат туралы мәлімет

1. ДАЙЫНДАҒАН: Редакциялық-баспа бөлімі.
2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» ҚеАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының 10-наурыз 2021ж. № 110-а бұйрығымен БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

МАЗМҰНЫ

Анықтамалар мен қысқартулар

1. Жалпы ережелер
 2. Редакциялық саясат және журналдың бағыттылығы
 3. Журналдағы жарияланымға қойылатын талаптар
 4. Журнал редакциясына түскен ғылыми мақалалардың сараптамалық қорытындысы және рецензиялау
 5. Қолжазбаларды рәсімдеу жөнінде авторларға арналған басшылық
- Қосымшалар

Анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

Қорқыт Ата атындағы ҚУ–Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

ҒТАХР – ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы

ҒТАМР – ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаторы

DOI - Digital Object Identifier, Идентификатор цифрового объекта, сандық объектінің идентификаторы

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі бар № KZ75VPY00039225 (бастапқы есепке алу нөмірі мен күні 14.06.2002, 3032-Ж.) республикалық ғылыми-әдістемелік «Қорқыт Ата атындағы ҚУ Хабаршысы» журналында ғылыми мақалаларды әзірлеп, жариялау тәртібін белгілейді.

Осы Ереже:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №20 бұйрығымен (ҚР БҒМ 2020 жыл 30-сәуірдегі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген № 170 бұйрығына сәйкес) бекітілген Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.

2. Журналдың редакциялық саясаты және бағыттылығы

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Хабаршысы» жылына 4 рет шығады, ол отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары туралы ақпараттарды және ғылыми конференция материалдарын, ғылыми-әдістемелік мақалалар, жастардың ғылыми шығармашылығын, университет өмірі туралы ақпараттарды қамтиды.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Хабаршысы» журналының редакциялық саясатының міндеттері:

ғылыми зерттеулердің сапасын жоғарылатуға, озық ғылым жетістіктерін енгізу үшін ғылыми әлеуетті анықтауға ықпал ету;

ғалымдар мен жас зерттеушілерге өз зерттеулерінің нәтижелерін жариялау мүмкіндігін беру;

ең өзекті перспективті және қызықты бағыттарға назар аудару:

- ауыл шаруашылығы ғылымдары;

-жаратылыстану, техникалық ғылымдар;

-білім, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар.

отандық және шетелдік ғалымдардың өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету және жарияланымдарға тарту, зерттеушілер арасында пікір алмасуларды жолға қою.

Барлық тараптардың (редакторлар, авторлар, рецензенттер) өзара қарым-қатынастары жарияланымдар әдебіне қойылатын талаптарды қадағалауға негізделеді.

Мақалаларда келтірілген нақты материалдарға авторлар жауап береді.

Жариялануға қабылданған қолжазбалар авторларға қайтарылмайды.

Рецензиялау нәтижелері бойынша теріс баға алған және журналмен қабылданбаған материалдар жарияланбайды және авторларға қайтарылмайды. Редакция қабылданбаған материалдарды сақтамайды.

3.Журналдағы жарияланым әдебіне қойылатын талаптар

Журналда жариялауға материалдар дайындау процесіне қатысатын барлық тараптар: авторлар, сараптық комиссия, рецензенттер, редакциялық алқа мүшелері – жарияланым әдебіне қойылатын төмендегі талаптарды қадағалауы тиіс.

Журналдың бас редакторы шешім қабылдаған кезде ғылыми бағыттар бойыншажауапты редакторларымен, сондай-ақ редакциялық алқа мүшелерімен және рецензенттермен кеңесе алады, олар келесі ережелерді басшылыққа алады:

- ұсынылған қолжазба туралы ақпараттарды автор, рецензенттер, әлеуетті рецензенттер, басқа редакциялық кеңесшілерден, қажет болғанда баспагерден басқа ешкімге ашпау;

- авторлар ұсынған материалдарды бағалау кезінде кемсітушілікке жол бермеу;

- қажеті болмаса, авторлардан қабылданған материалдар туралы ақпараттарды авторлар, рецензенттерден басқаларға ашпау,

- зерттеулерде лайықсыз қылықтарға жол берілген мақалаларды анықтап, жариялауды болдырмаудың ақылға қонымды шараларын жасау, мұндай бұзушылықтарды көтермелемеу;

- лайықсыз ғылыми-зерттеу қылықтары туралы фактілерді немесе мәлімдемелерді қарау;

- түзетулерді, түсіндірмелерді, теріске шығаруларды және қажет болса кешірім сұрауды жариялауға дайын болу;

Баспа процесінде авторлар келесі ережелерді басшылыққа алады:

- жала, авторлық құқық, заңдылық және плагиатқа қатысты негізгі заңды талаптарды ескере отырып, толық сәйкестікте жұмыс істеу;

- түпнұсқа зерттеу бойынша атқарылған жұмыстардың шынайы нәтижелерін беру және оның маңыздылығын объективті зерделеу. Мақалада жұмыстың тексерілуін қамтамасыз ететіндей жеткілікті детальдар болуы тиіс. Жалған немесе әдейі қате пайымдаулар материалды қабылдамауға немесе жарияланған мақаланы теріске шығаруға себеп бола алады;

- бірдей зерттеуге арналған материалды түпнұсқа жарияланым ретінде біреуден көп журналға жарияламау. Бірдей қолжазбаны бірмезгілде біреуден көп журналға ұсыну әдепсіз қылық ретінде қабылданады және ерсі. Автор басқа журналға қарауға бұрын жарияланған мақаланы ұсынбауы тиіс;

- ұсынылған материалдың толық түпнұсқалығына кепілдік беру. Басқа авторлардың еңбектерін немесе пайымдауларын пайдаланған жағдайда тиісті библиографиялық сілтемелер немесе үзінділер ұсынуы тиіс;
- кез келген түрдегі плагиатқа жол бермеу. Нағыз түпнұсқа жұмыс ұсынылғанына кепілдік беру, басқа авторлардың еңбектерін және/немесе дәйексөздерін пайдаланған жағдайда библиографиялық сілтемелер немесе үзінділер – міндетті түрде. Қабылдау үшін мақаланың мәтіні кемінде 80% өзіндік түпнұсқалыққа ие болуы тиіс;
- автодәйексөздеу (өзін өзі дәйексөздеу) қағидаларын қадағалау, атап айтқанда: егер материал элементтері бұрын басқа мақалада, оның ішінде «Қорқыт Ата атындағы ҚУ Хабаршысы» журналында жарияланса, автор неғұрлым бұрынғы жұмысына сілтеме жасауы тиіс. Авторларға өзін өзі дәйексөздеудеңгейін 0–10% аралығында қадағалау ұсынылады;
- өз жұмыстарында қаржыландыру туралы ақпараттарды, сондай-ақ өз қолжазбаларының нәтижелеріне немесе интерпретациясына ықпал еткендер ретінде қабылдануы мүмкін үшінші тараптардың мүдделері бар екені туралы ашу;
- журналдың ғылыми бағыттары бойынша жауапты редакторларға өзінің жарияланған еңбегіндегі елеулі қателік немесе дәлсіздік туралы хабарлау және мақаланы алып тастау немесе түзету үшін жауапты редакторлармен ынтымақтастық жасау.

4. Журнал редакциясына түскен ғылыми мақалаларға сараптамалық қорытынды беру және рецензиялау

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» журналында жариялау үшін ғылыми мақалаларға сараптамалық қорытынды беру және рецензиялау басылымның ғылыми-теориялық жоғары деңгейін ұстау және ең құнды және өзекті (перспективті) ғылыми жұмыстарды іріктеу мақсатында жүргізіледі.

Сараптамалық комиссия материалдарды кері қайтаруға және автор (лардан)дан оларды ғылыми мақалаларға қойылатын талаптарға сәйкестікке келтіруді талап етуге құқылы.

Жарияланатын материалдардың сапасын қамтамасыз ету және авторлық құқықты қадағалау мақсатында барлық түскен материалдар шеттен алып пайдалану болуынатексеруден өтеді. Бағдарлама бойынша тексеруді университеттің жауапты қызметкері - «жүйенің негізгі әкімшісі» жүргізеді, тек содан соң ғана рецензиялауға жіберіледі.

Өз мақалаларын «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» журналында жариялауға жіберетін авторлар, осы арқылы мақаланы жариялауға, мақаланың мета-деректерін (авторлардың аты-жөні мен олардың мақалаға қосылған жерлері, аннотациялар, кілт сөздер, библио-графиялық тізім) Интернет желісіндегі журнал сайтында ашық қолжетімдікте орналастыруға, мақала мәтінін (оның ішінде сілтемелер, библиографиялық ақпараттар т.с.с.) осы деректер міндетті түрде берілуі керек тұлғалар мен ұйымдарға не жарияланымды дәйексөздендіру мүмкіндігін қамтамасыз ету және авторлар мен журналдың

дәйексөздік индексін арттыру мақсатында басқа тұлғаларға беруге өзінің келісімін білдіреді, сондай-ақ ұсынылған мақалалар басқа журналдарда жариялауға берілмегендігін растайды.

Редакция қолжазбалардың сараптамалық бағалау мен рецензиялау процедурасынан өтуін есепке алады.

Мақала авторы(лары) материалды «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының бұйрығымен құрылған сараптамалық комиссияның қарауына жібереді. Өз кезегінде Сараптамалық комиссия мақаланың рәсімдеу ережелеріне сәйкестігін тексереді.

Сараптамалық бағалау ғылыми бағыттар бойынша жауапты редакторлары мен журналдың жауапты редакторының нұсқауымен жүргізіледі. Бұл ретте Сараптамалық комиссия мақаланың журнал бейініне, рәсімдеу талаптарына сәйкестігін анықтайды. Комиссия сараптамалық комиссия отырысының хаттамасы негізінде (Қосымша 2) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор бекіткен сараптамалық қорытынды береді (Қосымша 1).

Сараптамалық оң қорытынды алғаннан кейін мақала сәйкес ғылыми бағыттағы маманның рецензиялауына жіберіледі. Рецензиялау тәртібі мақалаларды берудің және рецензиялаудың онлайн жүйесі көрсетілетін жеке электрондық сайтпен «Жасырын рецензиялау» арқылы жүзеге асырылады.

Рецензенттер келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- жала, авторлық құқық, заңдылық және плагиатқа қатысты негізгі заң талаптарын ескере отырып, журналдың;
- қарауға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған материалдарды автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерінде пайдаланбау;
- жауапты хатшылармен келісілген рецензиялау мерзімін қадағалау;
- ұсынылған қолжазбадағы зерттеулерді рецензиялауға өзінің құзыретсіздігін сезінсе немесе қолжазбаны жуық арада қарау мүмкін емес деп тапса жауапты хатшыларды хабардар етіп, өзін рецензиялау процесінен шығару;
- рецензиялауға алынған кез келген материалды құпия құжат деп қарау, оның мазмұнын ашпау және жауапты редакторлардан басқа ешкіммен талқыламау;
- рецензиялауға берілген материалдарға объективті баға беру. Рецензенттер өз пікірлерін айқын әрі дәлелді түрде білдіруі тиіс;
- редакциялық алқа мүшелерінің, сериялардың жауапты хатшыларының назарын кез келген қаралатын қолжазба мен кезкелген жарияланған басқа жұмыс арасындағы елеулі ұқсастықтарға немесе сәйкестіктерге аудару.

Рецензиялау процедурасы келесі кезеңдерден тұрады:

1. Мақалаларды рецензиялау үшін ғылыми мамандағы ғылыми мақаланың тақырыбына неғұрлым жақын ғылым докторына, ғылым кандидатына немесе PhD-на жіберіледі.

2. Мақаланы рецензиялау мерзімі нақты жағдайға қарай өзгеруі мүмкін, бірақ 4 аптадан аспауы тиіс.

3. Рецензияланатын жұмыстың авторы немесе қосалқы авторы, сондай-ақ, автор жұмыс істейтін бөлімшенің ғылыми дәрежеге, PhD ізденушілерінің ғылыми жетекшілері және қызметкерлері рецензент бола алмайды. Рецензияларды

редакциялық алқа талқылайды және олар қолжазбаны қабылдау немесе кері қайтаруға негіз болады.

4. Рецензия ғылыми мақаланы объективті бағалауы және оның ғылыми және әдістемелік жетістіктері мен кемшіліктерін жан-жақты талдауды қамтуы тиіс. Рецензия редакция ұсынған стандартты үлгіде (Қосымша 3) немесе еркін түрде жасалады (осы үлгі Журнал сайтына орналастырылған).

Рецензияда қысқаша бағалануы тиіс:

- жұмыстың жалпы ғылыми деңгейі;
- атауы және оның мақала мазмұнына сәйкестігі;
- тақырыптың өзектілігі;
- ғылыми жаңашылдығы,
- ұсынылған тұжырымдардың практикалық маңыздылығы;
- жұмыстың құрылымы;
- жұмыста пікірталастық және/немесе қате қағидалардың болуы;

мақаланың оң жақтары, не кемшілігі нақты немен тұжырымдалады, автор қандай түзетулер мен толықтырулар енгізуі тиіс;

сондай-ақ, қолжазбаны жариялауға болатыны не мүмкін еместігі туралы рецензенттің пікір айтуы.

Рецензиялардың мазмұн көшірмелері редакция сараптамалық қорытынды алғаннан кейін бір апта ішінде автор(ларға)ға жеткізіледі.

Пысықтау үшін авторға жіберілген мақала түзетілген түрде, мақалада белгіленген түзетулерімен, 10 күн ішінде қайтарылуы тиіс.

Редакция автор редакцияның кеңестерін ескергісі келмесе немесе орындай алмаса мақалаларды кері қайтару құқығын өзінде қалдырады.

Рецензиялардың түпнұсқалары «Қорқыт Ата атындағы ҚУ Хабаршысы» журналының редакциясында үш жыл бойына сақталады. Оның ішінде құзыретті органдардың сұраныстары бойынша беру үшін.

5. Қолжазбаларды рәсімдеу жөнінде авторларға арналған басшылық

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» журналында мақала жариялау үшін дайын ғылыми жұмысты автор(лар) Vestnik.korkyt.kz сайтындағы Онлайн мақала жіберу жүйесі арқылы, арнайы нұсқаулықты пайдаланып жіберуге болады. Мақала Windows 10 оперативті жүйесіндегі Word форматында Times New Roman шрифтінде жазылуы қажет (Осы талапта жазылмаған мақала автоматты түрде қабылданбайды). Жарияланым тілдері – қазақша, орысша, ағылшынша.

Журналда жариялау үшін жұмыс мәтінін ұсына отырып, автор өзі тура-лы барлық мәліметтердің дұрыстығына, мақалада плагиат пен әдебиеттерді заңсыз алып

пайдаланудың басқа түрлері жоқтығына, пайдаланылған барлық мәтін, кестелер, сызбалар, суреттердің тиісті түрде рәсімделуіне кепілдік береді.

Қолжазбада жаратылыстану, техникалық, ауылшаруашылық, гуманитар-лық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы білім берудің өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері болуы керек. Мақаладағы дәйексөз тізімінде тек рецензияланған әдебиет көздері, мақала құрылымына сәйкес DOI индексін иемдеген ақпарат көздері болуы тиіс.

Қолжазбада жаратылыстану, техникалық, ауылшаруашылық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы білім берудің өзекті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері болуы тиіс.

Мақала құрылымы мен безендірілуі:

1. Мақала көлемі 6-12 бет аралығында болуы тиіс.

2. Мақаланы құру схемасы: беті – А4, кітаптық бағдар, туралау – ені бойынша. Сол жақ, үстіңгі және төменгі жақтарындағы ашық жиектері – 2,5 см, оң жағында – 2,0 см. Шрифт: тип – Times New Roman, өлшемі (кегль) - 12

- МРНТИ индексі – бірінші жолы, жоғарыдан, сол жақта (<http://grnti.ru>).

- DOI индексі (журнал редакциясында беріледі);

- Мақала атауы – ортасына қалың қаріппен (12 шрифт).

- Автордың (лардың) аты-жөндерінің бірінші қарпі мен тегі – ортаға.

- Ұйым, қала, елдің толық атауы (егер авторлар түрлі ұйымдарда жұмыс істесе авторлардың тегінің жанына бірдей таңба және тиісті ұйымды қою қажет, авторлардың электронды поштасы, орсид номері түсуі қажет) – ортаға, курсив.

- **Андатпа** түп нұсқа тілінде (150-300 сөз; мақала құрлымын сақтай отырып), өлшемі (кегль) – 11

- **Кілт сөздер** – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде (3-5 сөз/сөз тіркестері), өлшемі - (кегль) 11.

- **Негізгі мәтін** (12 шрифт, аралық интервал - 1, «азат жол» - 1,25 см) құрылымы:

3) **кіріспе:** тақырыптың таңдалуын негіздеу, тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі, объектіні, тақырыпты, мақсаттарды, міндеттерді, әдістерді, тәсілдерді, гипотезалар мен жұмыстың маңыздылығын анықтау.

4) **зерттеу материалдары мен әдістері:** материалдар мен жұмыс бары-сы сипаттамасынан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттама-сынан тұруы тиіс. Бұл бөлімде мәселенің қалай зерттелгені сипатталады: бұрын жарияланған белгіленген рәсімдерді қайталамай-ақ егжей-тегжейлі ақпарат; материалдар мен әдістерді пайдалану кезінде жаңалықты міндетті түрде енгізе отырып, жабдықты (бағдарламалық жасақтаманы) сәйкестендіру және материалдарды сипаттау қолданылады. Кестелер, суреттер айтылғаннан кейін орналастырылуы керек.

Әр иллюстрациямен жазу (өлшемі (кегль) – 11) болуы керек. Суреттер анық, таза, сканерленбеген болуы керек. Мақалада мәтінде сілтемелер бар формулалар ғана нөмірленеді. Жалпыға мәлім аббревиатуралар мен қысқартуларды қоспағанда, барлық аббревиатуралар мен қысқартулар мәтінде бірінші рет қолданылған кезде ашып жазылуы тиіс. Мәтінде сілтемелер тік жақшада көрсетіледі. Сілтемелер мәтінде қатаң түрде нөмірленуі керек. Мәтіндегі әдебиетке бірінші сілтемеде [1], екіншісі - [2] және т. б. нөмірі болуы тиіс. Жарияланбаған жұмыстарға сілтеме

жасауға жол берілмейді. Лицензияланбайтын басылымдарға сілтеме жасауға жол берілмейді.

5) **нәтижелер / талқылау:** зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау келтіріледі.

б) **қорытынды/қорытындылар:** осы кезеңдегі жұмысты қорытынды-лау; автор айтқан ұсынылған тұжырымның ақиқатын растау. Қорытындылар белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін жалпылау үшін, ұсыныс-тарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып қолда-нылуы керек. Жұмысты қаржылық қолдау туралы ақпарат бірінші бетте сілтеме түрінде көрсетіледі

7) **әдебиеттер тізімі** (өлшемі (кегель) – 11): әдебиеттер тізімі алфавиттік ретпен ұсынылады, тек мәтінде келтірілген жұмыстар. Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі – романизацияланған алфавитпен (транслитерация).

Романизацияланған әдебиеттер тізімі келесі түрде көрінуі керек: автор (лар) (транслитерация) (<http://www.translit.ru>) → (жақшадағы жыл) → транслитерацияланған нұсқадағы мақала атауы [мақала атауын ағылшын тіліне квадрат жақшамен аудару], орыс тіліндегі дереккөздің атауы (транслитерация немесе ағылшын атауы-бар болса), ағылшын тіліндегі белгілері бар. Мысалы: Chicago Style бойынша:

Gokhberg L., Kuznetsova T. (2011) Strategiya-2020: Novye kontury rossiiskoi innovatsionnoi politiki [Strategy 2020: New Outlines of Innovation Policy]. Foresight-Russia, vol. 5, no 4, pp. 8-30.

ГОСТ бойынша Кохберг Л., Кузнецова Т. Стратегия-2020: Новые контуры российской инновационной политики // Foresight-Russia. - Т. 5, № 4. -С. 8-30.

Қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттер тізімін рәсімдеу стилі ГОСТ 7.1-2003 сәйкес: «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

Романизацияланған әдебиеттер тізімін, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарға арналған ағылшын (басқа шет) тіліндегі дереккөздерді безендіру стилі- American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>), жаратылыстану және техникалық бағыттар үшін- Chicago Style (www.chicagomanualofstyle.org).

9. Авторлар туралы мәліметтер: (автордың(лардың) аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, байланыс деректері: телефоны, эл.пошта, орсид номері) 3 тілде.

ЕНГІЗІЛДІ (ЖАСАЛДЫ):

Редакциялық-баспа
бөлімінің басшысы



қолы Н.А.Абуова _____
мерзімі

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылыми жұмыстар және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор


қолы Б.А.Прмантаева _____
мерзімі

Стратегиялық даму және қаржы
жөніндегі проректор


қолы Н.Ж.Уразбаев _____
мерзімі

Ғылым департаментінің директоры


қолы Қ.Ә.Омаров _____
мерзімі

Персоналдармен жұмыс және құқықтық
мәселелер басқармасының басшысы


қолы С.М.Ильясова _____
мерзімі

«Бекітемін»
Ғылыми жұмыстар және
халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор

_____ (аты-жөні)

« _____ » _____ 20__ ж.

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Материалдарды республикалық ғылыми-әдістемелік «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Хабаршысы» журналында жариялау мүмкіндігі турлы

Сараптамалық комиссия _____
(автордың(лардың) Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

« _____ » _____
(мақаланың атауы)

мақаласын қарай келіп, материалда Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңының 3 тарауы 12 бабында көзделген мәліметтер жоқ екенін растайды.

Материалды жариялауға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатын алудың керегі жоқ.

Қорытынды: Сараптамалық комиссия _____

_____ (автордың(лардың) Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

« _____ » _____
(мақаланың атауы)

Мақаласын ашық баспада жариялауға болады деп санайды.

Комиссия төрағасы
(ғылым дәрежесі, аты-жөні)

(қолтаңба)

Комиссия мүшесі
(ғылым дәрежесі, аты-жөні)

(қолтаңба)

Комиссия мүшесі
(ғылым дәрежесі, аты-жөні)

(қолтаңба)

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті сараптамалық
комиссиясы отырысының
ХАТТАМАСЫ № _____

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы _____
(ғылыми дәрежесі, аты-жөні)

Комиссия мүшеллері _____
(ғылымдәрежесі, , аты-жөні)

Комиссия хатшысы _____
(ғылымдәрежесі, , аты-жөні)

Сарапшы _____
(ғылымдәрежесі, аты-жөні)

республикалық ғылыми-әдістемелік «Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Хабаршысы» журналында жариялау үшін

автордың(лардың)ғылыми дәрежесі, аты-жөні
« _____ »
(мақаланың атауы)

мақаласы туралы хабарламасы тыңдалды.

Сарапшылардың сұрақтары, ескертпелері, наразылықтары,
ұсыныстары: материал журнал бейініне, қолжазбаны рәсімдеуге қойылатын
талаптарға сай келеді. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының
«Мемлекеттік құпиялар туралы» қолданыстағы Заңының 3 тарауы 12
бабында көзделген мәліметтер жоқ.

Шешім қабылданды: Сараптамалық комиссия _____

автордың(лардың)ғылыми дәрежесі, аты-жөні
« _____ »
(мақаланың атауы)

мақаласын ашық баспасөзде жариялау мүмкін деп санайды.

Комиссия төрағасы
(ғылыми дәрежесі, аты-жөні)

(қолтаңба)

Комиссия мүшесі
(ғылыми дәрежесі, аты-жөні)

(қолтаңба)

Комиссия мүшесі
(ғылыми дәрежесі, аты-жөні)

(қолтаңба)

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы
республикалық ғылыми-әдістемелік журналына түскен мақалаға рецензия
беру

РЕЦЕНЗИЯ

Мақала атауы	
Рецензент: ТАӘ, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі	
Күні:	

Мазмұнын бағалау

Зерттеу объектісі

	Нақты және дәл анықталған
	Нақтыланы түсуі тиіс
	Түсініксіз, қайта қаралғаны жөн
Рецензент пікірі:	

Теориялық негіз және түсіндірмелер

	Автор бірегей көзқарас білдірген
	Алдыңғы зерттеулерге жеткілікті дәйексөз келтірілген
	Өзге зерттеулерден дәйексөз келтірілмеген
	Теориялық фон жоқ немес айқын емес
Рецензент пікірі:	

Ұсынылған ақпарат және мәліметтер

	Жаңа, бірегей
	Белгілі ақпаратты толықтырады және кеңейтеді
	Белгілі болған ақпаратты қайталайды
	Айқын емес
Рецензент пікірі:	

Зерттеу әдісі

	Жақсы негізделген және келісілген
	Негізделуі жеткіліксіз және қайта қаралуы тиіс
	Әдіс айқын емес
	Мұндай жұмыс түріне қажет етілмейді
Рецензент пікірі:	

Проблемаларды шешу және нәтижелерді талдау

	Өте жақсы негізделген
	Жеткілікті негізделген
	Нашар негізделген, қайта қаралуы керек

	Айқын емес және/немесе мүлдем дәйексіз
	Сапаттамалы жұмыс
Рецензент пікірі:	

Форманы бағалау

Атауы

	Айқын және дәл
	Қайта қаралуы керек
Рецензент пікірі:	

Тілдік стилі

	Өте жақсы
	Жеткілікті дәрежеде еркін
	Түсінікті
	Түсіну қиын
Рецензент пікірі:	

Кестелер, графиктер, т.б.

	Қолайлы
	Қайта қаралуы керек
	Жоқ / қажет емес
Рецензент пікірі:	

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

	Қолайлы
	Қайта редакциялануы керек
Рецензент пікірі:	

Аңдатпа

	Сәйкес
	Қайта редакциялануы керек
	Қайта қаралуы керек
Рецензент пікірі:	

Қорытындылар

	Ұсынылған түрде жариялауға болады
	Өзгерістер енгізіп қабылдауға болады
	Елеулі өзгерістермен қабылдауға болады
	Қабылдамау, бірақ қайта ұсынуға мүмкіндік жасау
	Қайта ұсыну мүмкіндігінсіз қабылдамау

Рецензенттің пікірі:

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫЖАҒДАЙЫНДА, КҮРІШТІ КӨШЕТТЕП ЕГУДЕ ГИДРОПОНИКА ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бәкірұлы Қ., ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер
Құрбанбаев А., ауылшаруашылығы ғылымдарының магистрі, аға маман
«Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Қызылорда қаласы, Абай көшесі 25б.

Андатпа

Мақалада Қызылорда облысы жағдайында күріш дақылын гидропоникалық тәсілмен көшеттеп егудің тиімділігі жөнінде келтірілген... (150-300 сөз).

Кілт сөздер: күріш, гидропоника..(6-8 сөз).

Негізгі мәтін

Кіріспе


Зерттеу материалдары мен әдістемесі.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Кесте, суреттерді рәсімдеу үлгісі

Кесте 1 – Көшеттерді өсіру тәсілдерінің күріш өніміне әсері, 2020 ж.

Тәжірибе нұсқалары	Көшеттер жәнедәндер саны, дана/м ²	Өнімділік		
		ц/га	бақылаумен салыстырғанда	
			ц/га	%
Дәстүрлі себу тәсілі (бақылау)	750	45,0	-	100
Көшетті топырақта өсіру	50	80,0	30,0	160
Көшетті гидропоника қолданып өсіру	50	85,0	35,0	170



Сурет 1 – 2017-2018 жылдардағы өсімдіктіктердің тіршілік кезеңдеріндегі ауа температурасы (°C) және жауын-шашын мөлшерін (мм) көпжылдықпен салыстырғандағы көрсеткіш **Қорытынды.**

Әдебиеттер

1 О.Н.Карпей. Технология смешанного посева. //Журнал «Наше сельское хозяйство» – 2015.– №12, 23-28с.

2

3 ...

References

1 О.Н.Карпей. Tehnologijasmeshannogoposeva. //Zhurnal «Nashesel'skoehozjajstvo» –2015.– №12, 23-28s. [in russian]

2

3

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ РАССАДНОГО МЕТОДА РИСА С ПРИМЕНЕНИЕМ ГИДРОПОННОГО СПОСОБА В УСЛОВИЯХ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Бакирулы К., доктор сельскохозяйственных наук, главный научный сотрудник
Курбанбаев А., магистр сельскохозяйственных наук, старший специалист

ТОО "Казахский научно-исследовательский институт рисоводства им. И. Жахаева",
Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Абая 25б.

Аннотация...

В статье ...

Ключевые слова: рис,...

EFFECTIVENESS OF THE RICE SEEDLING METHOD USING THE HYDROPONIC METHOD IN THE CONDITIONS OF THE KYZYLORDA REGION

Bakiruly K., doctor of agricultural Sciences, chief researcher
Kurbanbayev A., master of agricultural science, senior specialist

Kazakh research Institute of rice production named after I. Zhakhayev LLP, Abay street25B,
Kyzylorda region.

Annotation...

Keywords: rice, ...

Авторлар туралы ақпарат